


***Сабақ мақсаты:***


***□ Оқушылардың білімдерін жүйелеу ойын,  
ойын ойнау арқылы білім беру***

***□ Оқушылардың ойлау, логикалық ойлау  
қабілеттерін дамыту***

***□ Оқушылардың ұйымшыл болуға, байқампаз  
болуға, шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу***







*Бір торда 3 қоян отыр еді. Үш оқушы оларды бір-бірден таратып алды. Сонда торда әлі де бір қоян қалып қойды. Ол қалай?*

*Екі қолымызда 10 саусақ болса, оң қолда неше саусақ бар?*

*$MNN - KKK = M$*


*Осы санды табыңдар*



*Қайсысы үлкен 2 кг немесе 2000 грамм?*

*Бір топ үйрек ұшып барады. Олар барлығы бесеу. Біреуі жерге қонса нешеуі қалады?*

*Сандар қатарындағы келесі санды тап?  
20,21, 23, 24, 26, 27, ...*



*Адамның қолында 10 саусақ бар. 10 қолда неше саусақ бар?*

*7 жұмыртқаның бағасы 7 теңге болса, 100 жұмыртқаның бағасы неше теңге?*

*Тек қосу таңбасын пайдаланып, сегіз-сегіздіктен 1000-ды құрастыру керек.*

$$88888888=1000$$



### *I топ*

*Ауылда 28 үй бар. Оның 15-нің түйесі, 8-нің сиыры, 6-ның сиыры да, түйесі де бар. Неше үйдің малы жоқ?*

### *II топ*

*Үш әке мен алты бала серуенге шықты. Олар 42 алма сатып алды. Бұлардың әрқайсысына 6 алмадан тиді.*

### *III топ*

*Екі бөлмеде 76 адам болған, олардың біреуінен 30 адам, екіншісінен 40 адам шығып кеткенде бөлмелердегі адамдардың саны тең болды. Алғашқыда әр бөлмеде неше адам болған?*





### *I топ*

*2, 0, 1, 5 цифрларын қайталанбайтын етіп барлық мүмкін болатын сағат уақытын жазыңдар.*

### *II топ*

*2, 0, 1, 6 цифрларын қайталанбайтын етіп барлық мүмкін болатын сағат уақытын жазыңдар.*

### *III топ*

*2, 0, 1, 7 цифрларын қайталанбайтын етіп барлық мүмкін болатын сағат уақытын жазыңдар.*



# *Сергіту* *«Математикалық бейнелеу»*



*1) Бір уақытта оң және сол қолыңмен 9 және 6 санын салыңыз.*



*Сергіту*




*«Математикалық бейнелеу»*


*2) Бір уақытта оң және сол қолыңмен тіктөртбұрыш және үшбұрыш салыңыз.*



# *Сергіту* *«Математикалық бейнелеу»*

*3) Бір уақытта оң және сол қолыңмен шаршы және шеңбер салыңыз.*





***1. Берілген сандарды тез қосып  
мәнін тап:***

**1000**

**30**





***1000***

**40**



***1000***



**20**



***1000***



**10**

***Жауабы:*** көбінесе оқушылар  
5000 деп айтады, ал  
шындығында жауабы 4100

## ***Жасын және туылған күнің табу.***


*Оқушының жасын және туылған күнін табу үшін төмендегі амалдарды орындау керек: Туылған айдың реттік нөмірін 100 ге көбейтуді, алынған көбейтіндіге туылған айдың күнін қосуды, алынған қосындыны 2 ге көбейтіп, ол санға 8 ді қосып, сосын 5 ге көбейтуді, алынған көбейтіндіге 4 ді қосып, оны 10 га көбейтуді сұраңыз. Сосын қазіргі жасыңды 4 ті қосып, алынған санды қағазға жазыңыз:*



**Жауабы:** Сіз қағаз да жазылған саннан 444 ді шегеріп, алынған санды оңнан солға екі екіден бөлесіз. Оңнан бірінші екі сан жасыңды, келесі екі сан туылған күнін, соңғы 1 сан туылған айды көрсетеді.

# *"Мен ойлаған сан"*

- ❖ *бір сан ойла*
- ❖ *ойлаған саннан бірді азайт*
- ❖ *айырманы 2-ге көбейт*
- ❖ *шыққан санға ойлаған санды қос*
- ❖ *шыққан санды ата*



**Құпиясы:** шыққан нәтижеге 2-ні  
қосып, қосындыны 3-ке бөлу керек,  
сонда ойлаған сан шығады





***Бәріңізге рахмет!  
Жарайсыңдар!!!***

